ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# ŞŪĞYLA-RADUGA

№42 (6580), 29 мамыр 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

Ауған айнасына 60 жыл

ІССАПАР

# ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

**Жамбыл ауданына жұмыс сапарымен Қазақстан Республикасы Үкіметі аппаратының Өңірлерді дамыту және бақылау бөлімінің өңірлік инспекторы Ергелді Сәрсенбаев келді.**



Әлеуметтік нысандарды аралап көрген Ергелді Қасанбайұлына аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы өңірде атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндап, бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандардың жұмысын көрсетті.

Алдымен Өңірлерді дамыту және бақылау бөлімінің өңірлік инспекторы Аса ауылындағы құрылысы толық аяқталған тұрғын үй нысанында болды. Мұнда тұрғындарды баспанамен қамту бағытында атқарылған жұмыстар таныстырылып, жаңа тұрғын үйдің сапасы мен инфрақұрылымдық мүмкіндіктері көрсетілді.

→ 2

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

## БАЛҒЫНДАР – ӨМІРІМІЗДІҢ МӘНІ

**«Халқымыз балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» деп бекер айтпаған. Расында да, сыңғырлаған бала күлкісі естілмеген үйдің берекесі де, жылуы да толық болмайды. Ал үйдің ішін азан-қазан қылып, у-шуға бөлейтін титімдей ғана шаттық иелері – өміріміздің мәні мен сәні. 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесінде осы бір асыл құндылығымыз бен балаларымыздың бақытты болашағы туралы толғанбау мүмкін емес.**



→ 2

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

# ӘДІЛДІК – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ



**Мемлекеттік басқару жүйесіндегі «Заң мен тәртіп» – мемлекеттік аппараттың ашықтығын, заң үстемдігін қамтамасыз етуге және жемқорлықты түп-тамырымен жоюға бағытталған идеологиялық және саяси бағдар. Бұл жүйе азаматтардың құқықтарын қорғауға, мемлекеттік институттарға деген сенімді арттыруға негізделген.**

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Ал, мемлекеттік басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүйесіндегі «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы – баршаның заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ететін, бюрократияны жоятын және жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыратын саяси бағыт. Осы қағидат мемлекеттік институттарға деген халық сенімін арттырудың негізгі шарты ретінде мемлекеттік басқарудың барлық деңгейіне енгізілуде.

Сыбайлас жемқорлық – қазіргі заманның ең өзекті әлеуметтік кеселдерінің бірі. Ол қоғамдағы әділдік қағидаттарын әлсіретіп, халықтың мемлекетке деген сенімін төмендетеді. Экономикалық тұрғыдан алғанда, жемқорлық инвестициялық ахуалды нашарлатып, бизнестің дамуына кедергі келтіреді. Сол себепті елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде қарастырылады.

→ 2

# Санамдағы сағым жылдар

**Мен 1948 жылы Мойынқұм ауданы аумағындағы Талдыөзек ауылында дүниеге келіппін. 1966 жылы аудан орталығындағы онбіржылдық мектепті бітірдім. Мектеп қабырғасында жүргенде әдебиет, тарих пәндерінен үлгерімім тәуір болды. Содан да шығар, ҚазГУ-дің журналистика факультетіне оқуға түстім. Айтпақшы, бұл жөнінде және одан кейінгі өмір жолымды қамтып белгілі журналист Болат Жаппарұлы осы «Шұғыла» газетіне бұдан төрт жылдай бұрын «Жүрек қалауына жүгінген журналист» атты мақала жазды.**



Маханбетәлі ДҮЙСЕБАЕВ, «Шұғыла-Радуга» газетінің 1976-1990 жылдардағы бөлім меңгерушісі.

→ 3

ЖАЗЫЛЫМ- 2026

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҰҒЫЛА-РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

KAZPOST

6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге



Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 747 659 42 68

Шұғыла-Радуга Аудандық Қоғамдық-саяси Газеті shugyla.raduga_newspaper www.asaaqparat.kz

31-МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

# АЛАШ АРЫСТАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ

**Саяси қуғын-сүргін – мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихымыздың шерлі беттерінің бірі. 1931-1933 жылдар аралығындағы ашаршылық миллиондаған қазақтың басын жұтты. 1937-1938 жылдардағы репрессия қазақтың бетке ұстар қаймағын қынадай қырып салды. Қызыл империяның қаны тамған заманда елімізде 20-дан астам лагерь жұмыс істеп, онда 800 мыңнан астам арда азаматтарымыз азап шекті. 1937-1938 жылдарда 103 мың адам қуғындалып, 27 мыңнан астам адам атылды. 1937-1939 жылдар аралығында қазақтың бас көтерер зиялы қауымының басым бөлігі қуғын-сүргін құрбанына айналды. Әкімшілік-жазалаушы жүйе еңбектеген сәбиді де, еңкейген кәріні де, болмысы нәзік әйелді де аяған жоқ.**

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



Қанқұйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдерін есте сақтау мақсатында 1997 жылы «31-мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» болып бекітілді. Бұл – қаскөй саясаттың қанқұйлы қасап-қыспағынан қапыда мерт болған Алаш арыстарын жоқтайтын күн. Осы орайда саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында аудандық орталық кітапханада мектеп оқушыларының қатысуымен «Өзекті өртер шындық» атты тарихи кеш өтті. Қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезеңде солақай саясаттың құрбаны болған Алаш арыстарын еске алу, олардың есімдерін ұлықтау, өскелең ұрпаққа өнеге ету мақсат етілген шарада «тар жол, тайғақ кешкен» есіл ерлердің есімі ұлықталды.

Әуелі қатысушылар қуғын-сүргін құрбандары болған Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Іляс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулат, Тұрар Рысқұл, Санжар Асфендияров, Темірбек Жүргенов, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Танымдық кеште салмақты сөз сабақтаған «Amanat» партиясы аудандық филиалының төрағасы Талап Әбдібеков, Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназияның тарих пәні мұғалімі Индира Шыныбаева, №1 орта мектептің тәлімгері Үміт Мырзахан, қосымша білім беру мұғалімі Гүлмира Әшірбек, психолог Айтолқын Рахымбекова өскелең ұрпақ нәубет жылдары Отанына деген кіршіксіз адалдығын сақтап, қандай қиыншылықты да қайыспай көтере білген қаранар тұлғалардың, есіл ерлердің жарқын бейнесі ел есінде сақталатынын тілге тиек етті.

Тағылымды шара соңында қатысушылар назарына «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» атты бейнебаян ұсынылды. Қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Құралай Асхатаева арнайы дайындаған «Жаралы жылдар жаңғырығы» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

Соңы. Басы 1-бетте

## ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Одан кейін инспектор өткен жылы пайдалануға берілген тарихи-өлкетану музейінің жұмысымен танысты. Сонымен қатар «Мәдени-демалыс» кешені аумағында орналасқан аудандық орталық кітапхана, аудандық орталық мұрағат және жасөспірімдер демалыс кешенінің қызметі таныстырылды. Аталған нысандар аудан тұрғындарының мәдени-рухани дамуына және жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған. Бұдан бөлек, Ергелді Қасанбайұлы Бесағаш ауылында салынып жатқан спорт кешенінің құрылысын да көрді. Спорт нысаны ауыл жастарының салауатты өмір салтын ұстануына және бұқаралық спортты дамытуға мүмкіндік береді деп күтілуде. Қызылқайнар ауылында бой көтерген жаңа мәдениет үйінің құрылысы да назардан тыс қалмады. Заманауи талаптарға сай салынған мәдениет ошағы ауыл тұрғындарының мәдени өмірін жандандыруға сеп болады.

Сапар қорытындысында өңірлік инспектор ауданда әлеуметтік нысандар құрылысы мен халық игілігіне бағытталған жұмыстардың жүйелі жүргізіліп жатқанын атап өтті.

**«Шұғыла»-ақпарат.**

Соңы. Басы 1-бетте

## ӘДІЛДІК – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ



Осы және өзге де мәселелер аудандық «Жастар ресурстық орталығының» мәжіліс залында «Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын дамыту. Мемлекеттік басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүйесіндегі «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы» тақырыбында ұйымдастырылған семинарда кеңінен сөз болды. Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің қатысуымен өткен жиынды аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова алғысөзімен ашты.

Басқосуда «Адал қоғам» қоғамдық бірлестігінің жобалар менеджері Назима Жұбандықова қоғамның басты талабының бірі – әділдік пен заң үстемдігін орнату екендігін, бұл жолдағы ең үлкен кедергі сыбайлас жемқорлық екенін алға тартты.

– Қоғамның басты талабының бірі – әділдік пен заң үстемдігін орнату. Бұл жолдағы ең үлкен кедергі сыбайлас жемқорлық екені сөзсіз. Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу – біздің саясатымыздағы негізгі басымдықтың бірі. Түпкі мақсат – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру. Жемқорлықты жою үшін оған бүкіл ел болып қарсы тұруымыз керек. Оған қоса заңнамалық шаралар қабылдауға тиіспіз. Сонда ғана жемқорлықпен табанды түрде күресе аламыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – ұзақмерзімді және үздіксіз процесс. Бұл тек мемлекеттік органдардың міндеті ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әрбір азамат адалдық пен әділдікті өмірлік ұстанымға айналдырса, мемлекеттік құрылымдар ашықтық пен әділдікке сүйенсе, елімізде сыбайлас жемқорлықсыз өркениетті қоғам қалыптасады, – деді модератор өз сөзінде.

Оның сөзін жалғаған Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Жамбыл облысы бойынша департаментінің бас маманы Таңшолпан Нұрханова «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі комплаенс-қызметтері туралы», «Интерактивті кейстер (Кейс-стади)», «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің сарапшысы, заңгер Самира Тайтенова «Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын дамыту. Мемлекеттік басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүйесіндегі «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы» бойынша баяндама жасап, мән-жайды егжей-тегжейлі түсіндірді. Ішкі талдау жұмыстарына қатысты сауалдарға тұщымды жауап беріп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалардағы маңызды бағыттарды тілге тиек етті.

Соңынан семинарға қатысушылармен кері байланыс орнату мақсатында тестілеу өткізіліп, сертификаттар табыс етілді.

БАЙҚАУ

**Жуырда аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен «ОТБАСЫ STAR» атты отбасылық караоке ән байқауы өтті. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, отбасы құндылықтарын дәріптеу, өнерге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту мақсат етілген ән додасы жастар мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайтып, отбасылық ынтымақ пен өнердің үйлесімін көрсетті.**

## Көңілді кеш

Айтулы шарада ауданның белсенді жастары мен өнерлі отбасылары көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Қатысушылар қазақ және әлем эстрадасындағы танымал әндерді орындап, өз таланттарын паш етті. Әр отбасының сахнадағы өнері көрерменнің көңілінен шығып, ыстық ықыласына бөленді. Олар тек ән айтып қана қоймай, сахна мәдениеті мен шығармашылық шеберліктерін де танытты. Қазылар алқасы орындаушылардың дауыс ерекшелігіне, сахнадағы еркіндігіне және отбасы мүшелерінің үйлесімді өнер көрсетуіне жоғары баға берді. I, II, III орын иегерлеріне арнайы дипломдар мен сыйлықтар табысталды. Өзге де қатысушыларға Алғыс хаттар табыс етілді.

«ОТБАСЫ STAR» байқауы өнер мен отбасы құндылығын ұштастырған тағылымды кеш болып көпшіліктің есінде қалды. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да жастардың шығармашылығын қолдауға бағытталған ауқымды мәдени шараларды өткізуге мүдделі.

**Алиасқар ТАҒАЙБЕКОВ,**
**аудандық «Жастар ресурстық орталығының» жастар ісі жөніндегі маманы.**

Соңы. Басы 1-бетте

## БАЛҒЫНДАР – ӨМІРІМІЗДІҢ МӘНІ

Бала – әрбір шаңырақтың алтын діңгегі. Үйге кіргенде алдыңнан жүгіріп шығатын, мойныңа асылып, еркелейтін сәбидің иісі кез келген шаршауды басып, өмірге деген құштарлықты оятады. Балалы үйдің базары да, қызығы да ерекше. Олардың әрбір басқан қадамы, алғашқы айтқан сөзі, қызықты сұрақтары мен қылықтары ата-ана үшін үлкен бақыт. Бүгінде мемлекетіміздің, қоғамымыздың ең басты мақсаты – осы базарлы үйлердің санын көбейтіп, әрбір баланың толыққанды, қауіпсіз, бақытты отбасында өсуіне жағдай жасау.

Қазақстан – балалы үйлердің базары тарқамаған, демографиялық өсімі қарқынды мемлекет. Ұлттық статистика бюросының соңғы ресми деректеріне сүйенсек, қазіргі таңда елімізде 18 жасқа дейінгі балалардың саны 6,8 миллионнан асты. Бұл – бүкіл ел халық санының 34,1 пайызын, яғни үштен бірінен астамын құрайды деген сөз. Демек біз – болашағы жас, рухы сергек ұлтпыз.

1 маусым – жай ғана мерекелік күн емес, бұл – үлкен жауапкершілік күні. Балаларды қорғау дегеніміз – оларды тек қауіп-қатерден сақтау емес, оларға сапалы білім, саналы тәрбие беру, құқықтарын қорғау және мейірімге бөлеу. Бүгінгі күннің баласы – ертеңгі елдің иесі. Сондықтан әрбір ата-ана, әрбір ұстаз және бүкіл қоғам болып баланың жан дүниесінің таза, денсаулығының мықты болып өсуіне жауаптымыз.

Қазіргі заман балалары өте зерек, ақпараттық технологияларды тез меңгеретін, ойы ұшқыр болып өсіп келеді. Біздің міндетіміз – олардың бойындағы осы талант пен қабілетті дер кезінде байқап, дұрыс бағытқа бұру. Сонымен қатар, цифрлық әлемге жұтылып кетпей, ұлттық құндылықтарды, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді санасына сіңіру. Өйткені бақытты балалық шақты сезініп өскен бала ғана ертең еліне адал қызмет ететін, жүрегі жылы тұлға болып қалыптасады.

**Шұғыла ҒАРИФУЛАҚЫЗЫ**

# Беткейі шүйгін белсің сен, беделі биік «Шұғылам!»

## немесе «Шұғыланың» алғадайларын аңсау

**Алладан көген алмай, өлең алған қазақтың қолында газеті, журналы жүреді. Шопанның етігінің қонышында, есепшінің қолтығындағы газет-журналдың оқылмай қалуы мүлдем болмайтын. Тіпті үтір-нүктесіне дейін молғал сыр тұнып тұратын. Алқа-қотан тіршіліктің сағділда сәті сол үйімізге келіп түскен газеттер топтамасының арасынан саулап жатқандай, үңіліп оқып отырған әкеміздің маңынан ұзамаушы ек. Біз ол тұста әлі қара танымағанбыз...**



**Қуаныш АУҒАНБАЕВ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**

Ауылымыздың ирі тұмсығына тиіп тұрған ауданымыздан шығатын «Шұғыла-Радуганың» біз айтпасақ та көтерер жүгі жеңіл емесін жұрт біледі. Сол «Шұғылаға» өлеңдерім ең алғаш 18 жасымда басылды. Аудан әкімі М.Байгелдиевтің пәрменімен. Дүйсенбек Орманов (марқұм) аға сұрап алды өзімнен. Бұл 2005 жылғы 1 маусым, сәрсенбі еді. Базар Қилыбаев, Болат Жаппарұлы, Совет Әлімқұлов, Арғынбай Бекбосын сынды марғасқалардың Жамбыл ауданының орталығы Аса ауылын «ақындардың орталығы» атандырған өрелі шақтың дүмпуі, қызуы әлі де болса бәсеңсімеген тұста мен пақырдың топтамаларым жарқ етіп шығып, сол аты күркіреп тұрған ағалар алқасының бағына жеткізетіндей дүрдиіп қалдым. Ол кездегі өлеңдер тәуір өлең болды деп айта алмаймын. Содан бері де тәуір өлең жаза алмай-ақ қойдым.

Асау күліктің тағасы айға ұшып, көк қарға көк күмбезге қонып, әйдікке ақыл айтқан жаңа заман мезгілінде «Шұғыланың» да келбетіне ноқаттай мең түсті. Аңыз болған фототілші Сейсенбек Айтбаевты осы бір ишаралы шақта жолықтырдық. Бұл – 2010 жылдың 13 қыркүйегі, бай дүйсенбі күні. «Інілерге аға боп жарытпайсың, ағаларға іні боп иілмесең» (Жарасқан Әбдіраш) демекші, алдыңғы толқын ағалары аудан руханиятына байғазы қып қалдырған жалғыз ғимараттың топсасын түзеп, туырлығын түгендеу Сансызбай (сол тұстағы бас редактор) ағамның науа жолдағы нән шаруасы болды. Сахаба болмаса да, саптағы сақа қыз-жігіттер, газеттің шығармашылық азығын ортаймас межеге көтереріне бек сенді.

«Шұғыла-Радуга» жай газет қана емес, біз бен сіздің мойыл көзқуанышымыз. Әдебі, әдін әлпештеген әбенқоңырлардың әуезді әуені. Бұл күндері қыр астында үнсіз жатқан, ордалы елдің бағына біткен бабалардың жүрек сөзі...

Мерейің арта берсін, «Шұғыла»!

**Соңы. Басы 1-бетте**

# Санамдағы сағым жылдар



Сондықтан бұл жерде мен оқу бітіргеннен кейінгі жолдамамен келіп, 1976 жылдың күзінде «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясына қызметке орналасуымды ғана сөз етуді жөн көріп отырмын.

Алғашында мұнда аудандық радиохабарларын ұйымдастырушы болып орналастым. Кейін тілшілікті қатар атқара жүріп, оншақты жыл ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болдым. Жалпы, негізгі айтпағым ол да емес, ұжымның ұйымшылдығы еді. Әрбір журналист өз міндетін мінсіз атқаруға күш салатын. Ал осынау жауапкершілікті жете сезінудің түу басында Алматы Жоғары партия мектебін бітірген сауатты журналист-редактор Тоқсанбай Жабайылдаевтың өзі тұрды. Ол алдына келген мақаланы төңірегіне түк мән бермей төніп оқып, тез түзейтін. Газет макетіне де көңіл бөліп, кейбір күрделілерін өзі сызып беретін сәттер де аз кездеспейтін. Сонан кейінгі бір ерекшелігі – қызметкерлердің кездейсоқ жіберіп алған кемшіліктерін мүлде білмейтіндей, естімегендей болып жүретін. Реніш білдіріп жатпайтын. Тоқаңның мұндай мінез-құлқында: адам-пенде, ендеше ол неге қателеспесін, неге жығылып-сүрінбесін, ашу үстінде неге артық сөз айтпасын дегендей пайымдар байқалатын. Сайып келгенде, ересек адамдарға ескерту жасай беруді ерсі көретін. Менмендіктен мүлдем ада, қарапайымдылығы, кішіпейілділігі мен кісілігі бірінен бірі өткен ол осындай атпал да абзал азамат боп шықты.

Ал редактордың мұндай кеңқолтық жаратылысына барынша араша түсіп, редакцияда еңбек тәртібінің сақталуына ақыл-кеңесін қосып жүретін адам – орта жастан асқан жоғары білімді журналист Смет Ағысов ағамыз еді. Смекеңнің бір редакция емес, сырттан аудандық газет деп менсінбей тасырандап келгендерді де «жолға салып» жіберетін мінезі бар-ды. Бұл тұста ол кісі аудармашы болып істеді. Базбір күндері ауызша аударма жасап, машинканы екі-үш сағат босатпайтын еңбекқорлығы алабөтен-ді.

Осы сияқты редактордың орынбасары Совет Әлімқұлов ағамыздың да редакцияда алатын орны үлкен-ді. Сәкең – өзгелерді өзіндей көретін пейілі пәк, көңілі кең ақын адам. Содан да ма, отыздың ортасынан асқан ақын бұл тұста шабытының шаңқай түсіне, әлде шалқар тұсына тап келгендей күй кешіп жүрді. Газеттің қым-қуыт тірлігіне қоса, кітап үстіне кітап шығарды. Сәкең «Шұғылаға» жырдан шашу шашса, «Шұғыла» ақынға шұғыласын төгіп, олар солай қоғамға ересен еңбек сіңіріп жатты.

Иә, мұндай жылы лебіздерді «Шұғыланың» ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Өзбек Кесікбаевқа, өмірдің өзінен келген дейтіндей тәжірибелі журналист Лесбек Әзбергеновке, редактордың орынбасары Светлана Манькоға, аудармашы Амантай Айзахметовке, ерлі-зайыпты Рахметалы (жауапты хатшы) мен Айгүл Асылбековтерге де қарата айтуға болады.

Мен бұл кісілердің барлығын да өзімнің журналистік еңбек жолымның бастауында кездескен, есімдері жадымнан ешқашан өшпейтін әріптестерім деп білемін.

**Жамбыл ауданы Қаракемер орта мектебінде жоғары сыныпта оқып жүрген кезім. Аудандық «Шұғыла» газетіне деген сүйіспеншілігімді оятуға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Оңғарбай Шайымқұлов ағайымыздың ықпалы айрықша болды. Сабақтан соң қолыма қазақтың танымал ақын-жазушыларының кітаптарын ұстатып, осыны оқып кел, үш күн, кейде бір апта уақыт берем дейтін. Солай ақын-жазушылардың бірнеше кітабын оқып шыққан екенмін. Күләш Ахметова, Фариза Оңғарсынова, Сабырхан Асанов, Мұқағали Мақатаев және тағы да басқа ақындардың өлең кітаптарын оқи жүріп, өлең жазуға құштарлығым оянды. Менің тек оқып қана қоймай, өлең ұйқастарын, буын санын зерделеп оқуға үйретті. Осылайша поэзия әлеміне қанат сермеп, өлеңдер жаза бастадым.**

# Құштарлық



**Ғалиябану ҮСЕНОВА, журналист.**

Сиясы кеппеген жаңа туындыларымды «Шұғыла» газетіне алып барғаным есімде. Тұмса биік ағаштардың арасымен барып редакцияға беттеймін. Өзім ұяң болсам да, қайта-қайта баратыныма қайранмын. Редакцияда еңбек ететін шығармашылық ұжым ізетпен, мейіріммен қарсы алушы еді. Байтанағали ағай бойы да, ойы да биік, салмақты, сабырлы қалпымен дараланып тұратын. Барған адамдарды жылы ықыласпен қарсы алып, жылы шыраймен, ізетпен шығарып салатын. Болат Жаппаров ағайға біздің Қаракемер ауылының тұрғыны болғандықтан, жақын тартып, мектепте оқып жүргенімде өлеңдерімді редакцияға жолдап, пікірін сұрап хат жазғаным бар. Он күннен кейін жауап хат алдым. Тіл байлығына, сөз саптауына ерекше таңырқап, құштарлықпен сан мәрте қайталап оқып шыққаным бар. Болат ағайдай тіл шеберлігімен көркемдеп, әрлеп жазуды мақсат тұттым.

Газетті суретпен әрлеуде Қаракемер ауылында тұратын Сейсенбек Айтбаев ағайдың еңбегі орасан зор болды. Баспасөз күнінде ауылда суретке түсіріп, жіберген өлеңімді суретіммен бірге шығарды. Сол өлеңдерім мен шағын мақалаларыма қаламақы (гонорар) алатынмын. Ауылдық поштадан шақырту келеді. Поштаға барып 3 сомға дейін қаламақы алатынмын. Бұл қаражат қалаға екі-үш мәрте барып келуге жетуші еді.

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 1990 жылы оқуға түстім. Бірінші курста өндірістік тәжірибені «Шұғыла» газетінде өткіздім. Бұл кезде бас редактор Базар Қилыбаев болатын. Кең иықты, өлең жазатын ақындығымен, ақ жарқын мінезімен ерекше ойымда қалыпты. Өзі де бір-екі өлеңін оқып берді. Сол 1-курста оқып жүргенімде Мұқағали Мақатаевтың 60 жылдығын аудандық мәдениет үйінде атап өтетін болдық. Бас редактор кабинетіне шақырып алып, сол іс-шараны маған тапсыратынын айтты. Мен сол күні-ақ қалай өткізетінімді жоспарлап, ақын туралы іздене бастадым. Сценарийін жазып шықтым. Зал 80-90 пайыз толды. Мәдениет үйінде атап өттік. Журналист Дүйсен Молдақұлов ағайдың жұбайы Алматы облысынан Мұқағали Мақатаевтың ағайындыларының қызы, яғни қарындасы екен. Ол да мамандығы журналист болғандықтан, мәдениет үйінде көпшілік алдында біртуар ақын туралы естеліктерімен бөлісті. Кешті редакция атынан жас та болсам жақсы жүргізіп шықтым.

Газет басылатын кезде Дүйсен Молдақұлов ағаймен қалаға «Сенім» баспасына баратын едік. Түс кезінде «Жүр кеттік ыстық тамақ ішіп алайық» деп аға жомарттық танытып, асханаға апаратын. Ағай тауып сөйлейтіндігімен, әзілге жақындығымен ерекше көрінді. Мақала жазуда да үйренемін деп бірге сұхбат алуға ілесіп барғаным ойымда. Дүйсен аға сұхбат аларда салмақтылығымен, ойының кеңдігімен, сұрақты нақтылап қоюдағы шеберлігімен, әмбебаптығымен тәнті етті. Өзіме өзім журналист деген осындай болуы керек деп талап қойдым. Батылдық та бар, жан-жақтылық та бар, сөз саптауы да бірден назар аудартады. Журналист мамандығының еркіндігі мен сөз және ой байлығына сол кезден бастап құштарлығым оянды. Қасында жүріп, баспахананың ішіне алғаш рет кіріп көрдім. Үлкен баспа құрылғыларын, әріптер бір-бірлеп апараттан қорғасынмен құйылатынын алғаш көрдім. Расын айтқанда, «Шұғыла» сол кезде үлкен еңбекпен шығатынын түсіндім. Макет қалыптарынан бір әріп қате болса, соны бізбен тартып суырып алып тастап, орнына қорғасыннан құйылған бір әріпті орнықтырып жататын.

Ал қазір еліміз тәуелсіздігін алып, заман жаңашылдыққа бет алды. Бір әріпті суырып, қайта құйып орналастырып әуреге түсіп жатқан ешкім жоқ. Бәрі компьютерлендірілген. Баспахана қызметкерлерінің бояуға қолы қара май боп жүретін кез артта қалды. Журналистерге де ізденіп жазуға мүмкіндік мол. Жақында «Шұғыла» газетінің редакциясына барып қайттым. Күрделі жөндеуден өтіп, тап-түйнақтай бөлмелері көз сүйсіндіреді, іші-сырты, ауласы жаңартылып заманауи үлгіде жарқырап, көз тартып тұрғанына сүйсіндім. Қарт «Шұғыла» жасарғандай әсер алдым. Шұғылаңды шаша бер, шырайлы «Шұғыла»!

Шұғыла-Радуга Аудандық Қоғамдық-саяси Газеті shugyla.raduga_newspaper www.asaaqparat.kz

# Жамбыл аудандық мәслихатының шешімі

*2026 жылғы 21 мамыр* *№56-2* *Аса ауылы*

## Жамбыл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №49-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

**ШЕШТІ:**

1. «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жамбыл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы №49-2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №219265 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

1. «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2026 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 8462289 мың теңге;

салықтық түсімдер – 6462513 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 11666 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 477900 мың теңге;

трансферттер түсімі – 1510210 мың теңге;

2) шығындар – 9131333 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 61071 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 99475 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 38404 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -61 914 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 730115 мың теңге;

қарыздар түсімі – 99475 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 37561 мың теңге;

бюджет қаражаттары қалдықтарының қозғалысы – 668201 мың теңге».

Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Жамбыл аудандық мәслихат**
**төрағасы М. ШАЙДАЕВ**

*Жамбыл аудандық мәслихатының 2026 жылғы 21 мамырдағы №56-2 шешіміне қосымша*

## 2026 жылға арналған Жамбыл ауданының бюджеті

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | АТАУЫ | сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | | | 1. КІРІСТЕР | 8462289 |
| 1 | | | САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР | 6462513 |
| | 01 | | Табыс салығы | 2739000 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы | 1020000 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 1719000 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 670000 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 670000 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1100000 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 1100000 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 1913313 |
| | | 2 | Акциздер | 1891613 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 14600 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 7100 |
| | 07 | | Басқа да салықтар | 1200 |
| | | 1 | Басқа да салықтар | 1200 |
| | 08 | | Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 39000 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 39000 |
| 2 | | | САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР | 11666 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 7300 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 7300 |
| | 02 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 360 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 360 |
| | 03 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 360 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 360 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 146 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 146 |
| | 06 | | Өзге де салықтық емес түсімдер | 3500 |
| | | 1 | Өзге де салықтық емес түсімдер | 3500 |
| 3 | | | НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР | 477900 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 2900 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 2900 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 475000 |
| | | 1 | Жерді сату | 237000 |
| | | 2 | Материалдық емес активтерді сату | 238000 |
| 5 | | | ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ | 1510210 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 1510210 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 1510210 |

| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | 2026 жыл, сомасы мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | | | 2. Шығыстар | 9131333 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 3035899 |
| | 112 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 71067 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 69807 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1260 |
| | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 342842 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 318189 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 24653 |
| | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 676451 |
| | | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 30656 |
| | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 1700 |
| | | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 1000 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 643095 |
| | 453 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 37499 |
| | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 36913 |
| | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 586 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1572329 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 929012 |
| | | 013 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 74310 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 569007 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 302081 |
| | | 040 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту | 302081 |
| | 494 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі | 33630 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті,өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 33630 |
| 02 | | | Қорғаныс | 77771 |
| | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 77771 |
| | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 32161 |
| | | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 7693 |
| | | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдардың құрылмаған елді мекендердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар | 37917 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 41871 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 41871 |
| | | 021 | Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 41871 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 873772 |
| | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 212000 |
| | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 167000 |
| | | 019 | Әлеуметтік қорғау саласында үйде қызметтер көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 45000 |
| | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 550686 |
| | | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 56225 |
| | | 006 | Тұрғын үйге көмек көрсету | 2000 |
| | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек | 87617 |
| | | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету | 4048 |
| | | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету | 3000 |
| | | 017 | Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеу,жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету | 397796 |
| | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 91086 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 79911 |

Шұғыла-Радуга Аудандық Қоғамдық-саяси Газеті shugyla.raduga_newspaper www.asaaqparat.kz

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 1000 |
| | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 8000 |
| | | 054 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарының күрделі шығыстары | 2175 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 20000 |
| | | 094 | Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру | 20000 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 501106 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 2527 |
| | | 003 | Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру | 2527 |
| | 463 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 17071 |
| | | 016 | Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алу | 17071 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 323343 |
| | | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу | 323343 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 97182 |
| | | 012 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі | 97182 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 60983 |
| | | 016 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 7581 |
| | | 018 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру | 53402 |
| 08 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 2071016 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 659237 |
| | | 003 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 610966 |
| | | 009 | Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды және оларға қол жетімділікті қамтамасыз ету | 48271 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 421443 |
| | | 011 | Мәдениет объектілерін дамыту | 421443 |
| | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 362640 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 33335 |
| | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 200 |
| | | 005 | Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту | 314483 |
| | | 006 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 5000 |
| | | 007 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 5000 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарының күрделі шығыстары | 4622 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 286576 |
| | | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі | 285576 |
| | | 007 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 1000 |
| | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 46000 |
| | | 002 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 46000 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 30067 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 23667 |
| | | 010 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 200 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарының күрделі шығыстары | 6200 |
| | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 265053 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 87874 |
| | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 174532 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарының күрделі шығыстары | 2647 |
| 09 | | | Отын энергетика және жер қойнауын пайдалану | 0 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 0 |
| | | 036 | Газ тасымалдау жүйесін дамыту | 0 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 108373 |
| | 453 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 15650 |
| | | 099 | Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру | 15650 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 2000 |
| | | 025 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру | 2000 |
| | 462 | | Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі | 36083 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 35638 |
| | | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 445 |
| | 463 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 49973 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 36829 |
| | | 006 | Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру | 12744 |
| | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 400 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 4667 |
| | | 057 | Жануарларға арналған баспаналарды, уақытша ұстау пункттерін ұстау | 4667 |
| 11 | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 34522 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 34522 |
| | | 001 | Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 30522 |
